

Қазақстан Республикасындағы тауарлардың /жұмыстар, қызмет көрсетулер/ экспорты мен импортының тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 наурыз N 298. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.06.30. N 1037 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулының 1-6 қосымшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші барлық субъектілері үшін міндетті тауарлардың /жұмыс, қызмет көрсетулер/ /бұдан әрі - тауарлар/ экспорты мен импортының тәртібі белгіленсін.

2. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасындағы тауарлардың /жұмыстар, қызмет көрсету/ экспорты мен импортына лицензия беру тәртібі туралы ереже /1-қосымша/;

Экспорты Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі /2-қосымша/;

Импорты Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі /3-қосымша/;

Экспорты лицензия бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі /4-қосымша/ ;

Импорты лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі /5-қосымша/ ;

Экспорты Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі /6-қосымша/.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп экономикалық жағдайды ескере отырып, 2-6 қосымшаларда қарастырылған тауарлардың тізбесін нақтылау жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізе алады. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.06.20. N 997 қаулысымен

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тауарлардың экспорты мен импортына /жұмыстар, қызмет көрсетулер/ лицензия берудің тәртібі туралы ережеге сәйкес белгіленген номенклатура бойынша /2-6 қосымшалар/ тауарлардың экспорты мен импортына лицензиялар береді және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау

жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілген лицензиялар туралы ай сайын
мәліметтер тапсырады. < * >

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.06.20. N 997
қ а у л ы с ы м е н**

5. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ЕСКЕРТУ. Қосымшаларының ресми аудармасы жоқ болғандықтан орыс
тіліндегі мәтіннен қараңыз.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК